

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 3 сәуірдегі № 396 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 1270 Қаулысы

«Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 5 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 3 сәуірдегі № 396 қаулысына мынадай толықтырулар мен өзгерістер е н г і з і л с і н :

тақырыбы, кіріспе және 1-тармақ «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің» деген сөздерден кейін «- Елбасының» деген сөзбен толықтырылсын; көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының лауреаты дипломының с и п а т т а м а с ы н д а :

тақырыбы және 1-тармақ «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің» деген сөздерден кейін «- Елбасының» деген сөзбен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Дипломның сыртқы бетінде алтын түсті «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің - Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы лауреатының дипломы» деген жазу орналасады;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының лауреатының омырауға тағатын белгісінің с и п а т т а м а с ы н д а :

тақырыбы және 1-тармақ «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің» деген сөздерден кейін «- Елбасының» деген сөзбен толықтырылсын;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. «РЕВЕРС» жағында қазақ және орыс тілдерінде:

«Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің -
Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс
с ы й л ы ғ ы н ы ң л а у р е а т ы »

«Лауреат государственной премии
мира и прогресса Первого Президента
Республики Казахстан - Лидера Нации»

деген жазу орналасады ;
көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің
Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығының лауреаты куәлігінің
с и п а т т а м а с ы н д а :

тақырыбы, 1 және 4-тармақтар «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің»
деген сөздерден кейін «- Елбасының» деген сөзбен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Куәліктің сыртқы жағында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы
, оның төменгі жағында алтын түсті «Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің -
Елбасының Мемлекеттік бейбітшілік және прогресс сыйлығы лауреатының куәлігі»
деген жазу орналасады . » .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов